ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 10 наурыз №1112-26-00-2/386 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«Арман» Тәтиев Арман Ақанұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Арман» Тәтиев Арман Ақанұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Арман» Тәтиев Арман Ақанұлы жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге 50 (елу) тиын көлемінде мемлкеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Документ подписан: Жакупов А. А., 10.03.2026
Дата вступления в законную силу: 18.04.2026, судья Жакупов А. А., 21.04.2026
1112-26-3-1/308

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 10.03.2026

Дата вступления в законную силу: 18.04.2026, судья Жакупов А. А., 21.04.2026

1112-26-3-1/308